



| | | |
|---|---|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ | П 017-1.17-2023 |
| | ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | 30.11.2023ж. |
| Ереже нормативтік құжат түрі | | Бет 1-15 |


**ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ**
Стипендия тағайындау туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы
 2023 ж.

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 2-15 |


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы №_4__хаттама.
№ 5 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** № 4 баспаның орнына «28» 12.2022 ж.
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | Бет 3-15 |

Мазмұны

| | |
|--|----|
| 1. Қолдану саласы..... | 4 |
| 2. Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 3. Қолданылған қысқартулар | 4 |
| 4. Терминдер мен анықтамалар | 5 |
| 5. Жалпы ережелер | 7 |
| 6. Мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі | 7 |
| 7. Мемлекеттік стипендияны төлеу тәртібі..... | 9 |
| 8. Қазақстан Республикасын Президенті белгілейтін стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі | 11 |
| 9. Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін Мемлекеттік атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі | 12 |
| 10. Мемлекеттік стипендияның мөлшері..... | 13 |
| 11. Мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату | 13 |
| Бекіту парағы | 14 |
| Танысу парағы | 15 |

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 4-15 |

Бекітілді

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов
 атындағы Қазақ ұлттық өнер
 академиясы» РММ Ғылыми
 кеңесінің шешімімен
 «30» қараша 2023 жыл
 № 4 хаттама


1. Қолдану саласы

- Осы стипендия тағайындау туралы ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйелеріне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынылуға жатпайды
- Осы Ереженің талаптары Академияның барлық қызметтер мен құрылымдық бөлімдерде, кафедралар мен деканаттарда қолданылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде мынадай нормативті құжаттарға сілтемелер пайдалынады:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. No 319-III;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығы.
- «Тиісті типтегі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы,
- «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәурдегі № 152 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы студенттерге мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшері ,
- «Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін стипендия тағайындау ережесі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 136 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 292 бұйрығы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жеке стипендияларды бөлу;

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 5-15 |

9) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің жарғысы;

10) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ 2023-2029 жылдарға арналған даму стратегиясы.

3. Пайдаланылған қысқартулар.

ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі

ҚР МАМ МК - Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі

МЖБС - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

ЖЖОҚБҰ- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

ББТ - Білім беру бағдарламасының тобы

ББ - Білім беру бағдарламасы

ЖОЖ- Жеке оқу жоспары

ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары

ҚА- Қорытынды Аттестация

КЕ- Кешенді емтихан

GPA-Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average)


ОТ-Офис тіркеуші

4. Терминдер мен анықтамалар

1) Мемлекеттік стипендия - білім алушыға тамақтану, тұру және оқу әдебиеттерін сатып алу шығындарын ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы;

2) Мемлекеттік атаулы стипендия - Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін стипендия; Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін стипендия академияның ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының магистранттары мен студенттеріне төленеді.


3) Жеке стипендия - жеке немесе заңды тұлғалар тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, білім беру мекемесінің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатын ең талантты студенттерді көтермелеу үшін тағайындайтын стипендия; жеке стипендиялардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібін оларды белгілеген органдар мен адамдар анықтайды.

| | | |
|---|--|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 |
| | | 30.11.2023ж. |
| <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | | Бет 6-15 |

- 4) Студент - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімге арналған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында оқитын адам;
- 5) Магистрант - магистратурада оқитын адам;
- 6) Студенттерді аралық аттестаттау - емтихан сессиясы барысында студенттердің оқу пәнінің бір бөлігін немесе бүкіл көлемін оқып бітіргеннен кейін оның мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін процедура;
- 7) академиялық күнтізбе - оқу жылындағы оқу және бақылау іс-шараларының күнтізбесі, демалыс күндері көрсетілген (демалыс және мереке күндері)
- 8) Академиялық кезең (академиялық мерзім) - теориялық дайындық кезеңі: 15 апта семестр;
- 9) Академиялық демалыс - студенттердің, магистранттардың денсаулығына байланысты, оның ішінде жүктілік пен босануға, 3 жасқа дейінгі баланы күтуге байланысты, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылған, оқуларын уақытша тоқтататын кезең.
- 10) Апелляция - студенттердің білімін біржақты бағалауға ықпал еткен факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін процедура;
- 11) Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі - сандық эквиваленті бар және халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және студенттердің рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін баллдардағы білім жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- 12) Жеке оқу жоспары - типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттердің әр оқу жылы үшін өз бетімен қалыптастыратын оқу жоспары;
- 13) Офис-тіркеуші бөлімі - студенттің оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жазатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

5. Жалпы ережелер

3. Осы білім беру ұйымдарындағы студенттерге мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшері туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және тағайындау мен төлеу тәртібін, сондай-ақ Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА (бұдан әрі – академия) білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін айқындайды.

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 7-15 |
| | | |

4. Мемлекеттік стипендия академияның күндізгі оқу бөлімінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға тағайындалады және төленеді.

5. Бұл ереже Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендияны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібіне қолданылмайды.

6. Мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі:

6. Мемлекеттік стипендия аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелері бойынша "үздік", "жақсы" деген бағаға сәйкес бағалардың баламасын алған, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған студенттерге, магистранттарға тағайындалады.

7. Докторанттарға мемлекеттік стипендия бүкіл оқу кезеңіндегі аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелеріне қарамастан бүкіл оқу мерзіміне тағайындалады.


8. Бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік стипендия мемлекеттік тапсырыс бойынша бірінші курсқа (бірінші оқу жылына) қабылданған барлық студенттерге, магистранттарға тағайындалады және 1 қыркүйектен немесе 1 қаңтардан бастап бірінші академиялық кезең мен каникул аяқталатын айды қоса алғанда, оның соңына дейін тағайындалады.

Келесі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия студенттерге, магистранттарға алдыңғы академиялық кезеңдегі аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша 6 тармаққа сәйкес тағайындалады және төленеді.

9. Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясы) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде дәлелді себептер бойынша (сырқаттану, отбасы жағдайы, дүлей апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқу) тапсырмаған студенттерге, магистранттарға академия басшылығы білім алушы растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін аралық аттестаттау (емтихан сессиясын) тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

Тапсырылған аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша білім алушылардың аталған санатына осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік стипендия тағайындалады.

10. Академиялық демалыстан оралған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендияны тағайындау оқу жоспарларындағы академиялық айырма жойылғаннан кейін осы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

| | | |
|---|---|--------------------------------------|
|  | <p align="center">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</p> <p align="center">ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p> | <p align="right">П 017-1.17-2023</p> |
| | <p align="center"><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p> | <p align="right">30.11.2023ж.</p> |

Сырқатына байланысты екінші оқу жылына қалдырылған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия олар оралған кезден бастап осы ережеде белгіленген тәртіппен оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

Тиісті медициналық қорытындысы бар болса, туберкулезбен ауыратын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік стипендия алдыңғы семестрдің қорытындысына қарамастан еңбекке жарамсыздық кезеңіне, бірақ еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайтын кезеңге тағайындалады.

11. Студенттер, магистранттар, докторанттар бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.


12. Стипендияларды тағайындау Академия ректорының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен факультет декандарының қызметтік жазбасы негізінде жүргізіледі. Бөлім басшысы тіркеушілер кеңсесі әр емтихан сессиясының соңында факультет декандарына емтихан жиынтық ведомостарын ұсынады. Факультет деканы Академия ректорының атына оқушылардың үлгерімін бақылау жүктелген тіркеушілер Кеңсесінің Басшысы бақылайтын стипендия тағайындау бойынша қызметтік жазбаны ұсынады.

13. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар тапсырылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде ұлғайту ескеріліп тағайындалады.

7.Мемлекеттік стипендияны төлеу тәртібі

14. Мемлекеттік стипендияларды төлеу айдың 15-і күніндегі жағдай бойынша жүргізілетін алушылардың осы ереженің талаптарына сәйкестігі тексерілгеннен кейін толық ай үшін бөлшектемей жүзеге асырылады, бұл бірінші курстың бірінші семестрінде білім алатын алушыларға қатысты емес, осы ереженің 39-тармағында көрсетілген фактілерді белгілеу үшін олардың сәйкестігін тексеру қыркүйекте 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, ал келесі айларда айдың 15-і күніндегі жағдай бойынша жүргізіледі.

15. Жеке тұлғаларға стипендияларды төлеу ақша алушының таңдаған банкте ашылған ағымдағы шотына сомаларды аудару жолымен жүзеге асырылады.

| | | |
|---|--|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 |
| | | 30.11.2023ж. |
| | <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | Бет 9-15 |

16. Мемлекеттік стипендия аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясынан) және каникулдардан кейінгі келесі айдың бірінші күнінен бастап академиялық кезең, аралық аттестаттау мен каникул аяқталатын айды қоса алғанда, оның соңына дейін ай сайын төленеді. Бітіруші курстарда оқып жүргендерге мемлекеттік стипендия білім беру ұйымдарын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күніне дейінгі кезең үшін төленеді.

17. Мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия жазғы каникул кезеңі үшін екі айға (шілде, тамыз) бірге төленеді.

18. Кәсіптік практика, жазғы каникулдар кезеңінде, сондай-ақ жалақы төленетін жұмыс орындары мен лауазымдарда жұмыс істеген кезеңде студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия осы ереженің 16-тармағында белгіленген тәртіппен төленеді.


19. Медициналық қорытындының (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, студенттер, магистранттар, докторанттар академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия төленбейді.

20. Жүктілігіне және босануына байланысты демалыс кезеңіне студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген бүкіл мерзім ішінде жүктілігіне және босануына байланысты демалысқа шыққанға дейін белгіленген мөлшерде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілігіне және босануына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама ұсынылған кезде академиялық демалыс тоқтатылып, жүктілігіне және босануына байланысты демалыс ресімделеді.

21. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық апат аймағында тұратын білім алушыларға стипендия төлеу экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін коэффициент қолданыла отырып белгіленеді.

22. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар тапсырылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде ұлғайту ескеріліп төленеді.


| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | Бет 10-15 |

23. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толықтай мемлекет қамтамасыз ететін студенттер мен магистранттарға мемлекеттік стипендия тиісінше студенттер мен магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

24. Медициналық анықтама негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге, магистранттарға академиялық демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия студенттерге, магистранттарға арналған мемлекеттік стипендия мөлшерінің сәйкесінше 50 (елу) пайыз (мүгедектерге - 75 (жетпіс бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

| № р/н | Стипендиаттардың тізімі | Пайызбен |
|-------|--|----------|
| 1 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға | 75 |
| 2 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген студенттерге, магистранттарға | 50 |
| 3 | Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (қорғаншылығындағы) балалар қатарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға | 30 |
| 4 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек "үздік" деген бағалары бар студенттерге, магистранттарға (мемлекеттік атаулы стипендиялар мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын алатын студенттерден басқа) | 15 |

8. Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | Бет 11-15 |

25. Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін стипендия күндізгі бөлімдегі ең дарынды студенттер мен магистранттарға академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде төленеді.

26. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын өнер жоғары оқу орындары арасында стипендия санын бөледі.

27. Шәкіртақы:

1) студенттер мен магистранттардың зерттеу және оқу-танымдық іс-әрекеттерін ынталандыру;

2) ең талантты және дарынды студенттер мен магистранттарды қолдау;

3) зияткерлік әлеуетті қалыптастыруға көмектесу.

28. Стипендия күндізгі бөлімнің 3-курсынан оқитын студенттерге және екінші оқу жылынан бастап магистранттарға тек мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде өте жақсы бағалармен оқитындарға (А, А-) беріледі.

29. Стипендия келесі санаттағы студенттерге тағайындалады:

1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық байқаулардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалықтардың, өнер табыстардың авторлары;

2) ғылыми еңбектер жинағында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдардың болуы;


3) табысты дипломдармен, дипломдармен, сертификаттармен, айғақтармен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын;

4) академияның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатындар, сондай-ақ олимпиадалардың, халықаралық жарыстардың, фестивальдердің лауреаттары мен жеңімпаздары.

30. Стипендия академиялық кеңестің шешімі негізінде академия ректорының бұйрығымен тағайындалады, ҚР МАМ «ҚР Президентінің стипендиясын жоғары оқу орындарына бөлу туралы» бұйрығына сәйкес ағымдағы жылға жүзеге асырылады.

1) факультет декандары факультет кеңесінің хаттамасы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы жаднамалар тапсырады, стенограмманы, дипломдарды, студенттердің сауалнамаларын қоса тіркейді. Факультет декандары жадынамаларды қысқы және жазғы емтихан нәтижелері бойынша тапсырады.

2) оқу үдерісі ұйымдастыру және мониторинг қызметтің басшысы оны «Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары оқу орындарына стипендиясын бөлу туралы» ҚР МАМ бұйрығына сәйкес, оны Ғылыми кеңестің қарауына енгізеді.

| | | |
|---|--|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 |
| | | 30.11.2023ж. |
| <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | | Бет 12-15 |

3) Академия ректоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендиясын тағайындайды (бұйрық шығарылады).

31. Стипендия бір адамға академияның ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бірнеше рет тағайындалуы мүмкін.

Шәкіртақы тағайындау кезінде үміткерлерді іріктеу осы Ереженің 28, 29-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады. Тең жағдайда, артықшылығы:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар.

32. Егер академияда осы ереженің 28, 29-тармақтарының критерийлеріне сәйкес келетін стипендияға үміткерлер болмаса, академия академиялық кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей уәкілетті органға стипендиялардың белгілі бір санынан бас тарту туралы ақпаратты ұсынады.

33. Стипендияларды төлеу ай сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін Мемлекеттік атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі


34. Жеке стипендия «жақсы» және «үздік» бағалары бойынша тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, қоғамдық және мәдени өмірге белсене қатысатын, дарынды, қабілетті студенттерге, олимпиадалардың, халықаралық жарыстардың, фестивальдардың лауреаттары мен жеңімпаздарына беріледі.

35. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 21 маусымдағы № 292 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жеке стипендияларды бөлу, академияға 7 жеке стипендия бөлінді: Ш.Айманов, К.Байсеитова, Н.Жантурин, А.Қастеев, С.Қожамқұлов, Ж.Шанин, А.Мәмбетов атындағы.

36. Стипендия бір академиялық кезеңге / қыстан кейін және жазғы емтихан сессиясынан кейін / беріледі.

1) факультет декандары жеке стипендия тағайындау үшін факультет кеңесінің хаттамасы негізінде жаднамалар ұсынады. Факультет декандары жадынамаларды қысқы және жазғы емтихан нәтижелері, орташа балл / GPA / негізінде тапсырады.

2) оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторингтеу қызметінің басшысы Ғылыми кеңесте қызметтік ұсынымдар негізінде атаулы стипендиялар тағайындауға кандидатуралардың тізімін қарауға шығарады.

| | | |
|---|--|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 |
| | | 30.11.2023ж. |
| <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі | | Бет 13-15 |


3) ректор Ғылыми кеңестің шешімі негізінде стипендия тағайындайды (бұйрық шығарылады).

37. Стипендия бір адамға академияның Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бірнеше рет тағайындалуы мүмкін.


10. Мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату

39. Осы ереженің 9-тармағында айқындалған жағдайлар бойынша мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату Академия ректорының тиісті бұйрық шығару жолымен жүзеге асырылады:









- 1) шығарылу себебіне қарамастан, білім алушы академиядан шығарылған жағдайда;
- 2) білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- 3) білім алушы оқу бітіргеннен кейін оқу бітіргені туралы бұйрық шыққан күнінен бастап тоқтатылады.

| | | |
|---|--|---------------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.17-2023 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 14-15 |

| | | |
|---|--|------------------|
| Әзірленді: | | |
| Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы |  | Турдалиева Б.К. |
| Келісілді: | | |
| Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор |  | Амирбеков Ш.А. |
| Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор |  | Халықов Қ.З. |
| Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор |  | Ергөбек Ш.Қ. |
| Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы |  | Джумадилова Ж.А. |
| Заң бөлімінің басшысы |  | Сейтбекова Г.Д. |
| Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы |  | Молдабаева А.Е. |

| | | |
|---|---|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ | П 017-1.17-2023 |
| | ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | 30.11.2023ж. |
| | Ереже нормативтік құжат түрі | Бет 15-15 |

Танысу парағы

| Т.А.Ә. | Қызметі | Қолы |
|-------------------|--|---|
| Кульсеитова М.А. | Театр өнері факультетінің деканы |  |
| Жақсылықова М.Б. | Өнертану факультетінің деканы |  |
| Байділда Б.Н. | КМД факультетінің деканы |  |
| Бакеева М.Қ. | Кино және ТД факультетінің деканы |  |
| Габбасова Г.Н. | Хореография факультетінің деканы |  |
| Касимова З.М. | Музыкалық өнер факультетінің деканы |  |
| Сатыбалдиева Ф.А. | Компьютерлік технологиялар кафедрасының меңгерушісі |  |
| Молдашева А.К. | Арт-менеджмент және продюсерлеу кафедрасының меңгерушісі |  |